

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 18 ж. «15» 06 жүргізілді

БСН 180640019057

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 25 ж. «23» 09 жүргізілді

БСН 180640019057

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 15.06 ЖЫЛ 2018

«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен
бекітілген

(Қазақстан Республикасы Ғылым және
жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті төрағасының
2025 жылғы «3» февралы № 4
бұйрығы)

**«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

КІРІС

№ 13-11/321

20 25 ж. «25» 09

Астана қаласы, 2025 жыл

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Жарғы «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын, өкілеттіктері мен қызметінің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2-БАП. АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғам коммерциялық емес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және мынадай ерекшеліктерге ие:

толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Шайсултана Шаяхметова»;
- 3) ағылшын тілінде: «Non-Profit Joint Stock Company «National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna» named after Shaysultan Shayakhmetov».

қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ;
- 2) орыс тілінде: НАО «ННПЦ «Тіл-Қазына» имени Ш.Шаяхметова»;
- 3) ағылшын тілінде: «NP JSC «NSPC «Til-Kazyna» named after Sh. Shayakhmetov».

2.2. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 7А, 2-т.е.б.

3-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Қоғам жарғылық капиталына мемлекет 100% (жүз пайыз) үлесімен қатысатын «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 наурыздағы №151 қаулысына сәйкес құрылды.

3.2. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамның құрылтайшысы болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Жалғыз акционер) жүзеге асырады.

3.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, Қоғамның ішкі құжаттарын, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғалары өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерді басшылыққа алады. Осы Жарғыда, Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерінде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Қоғам органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыреті шегінде шешіледі.

3.4. Қоғам негізгі мақсаты табыс табу болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

3.5. Қоғамның дербес балансы, Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады, жеке, оның ішінде банктік шоттар ашуға құқылы, өз атынан мүлдіктік және жеке мүлдіктік емес құқықтарды иемденіп, жүзеге асыра алады, міндеттер атқарып, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

3.6. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

3.7. Қоғамның қызмет мерзімі – шектелмеген.

3.8. Қоғамның толық атауы көрсетілген мөрі болады және мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы жазылған мөртабандарды, эмблеманы, бланкілерді иеленуге құқылы.

3.9. Қоғам қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар мен өкілдіктер ашуға және оларға Жарғы ережелеріне сәйкес өкілеттіктер беруге құқылы.

Қоғамның филиалы – Қоғамның тұрған жерінен тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғамның атынан қызмет жүргізетін, Қоғаммен біртұтас балансқа ие және Қоғамның атауымен толық сәйкес келетін атауы бар Қоғамның оқшауланған құрылымдық бөлімшесі.

Өкілдік – Қоғамның тұрған жерінен тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Қоғамның оқшауланған құрылымдық бөлімшесі.

Қоғамның филиалы мен өкілдігі өз қызметін Қоғам берген өкілеттіктер аясында және олар туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Филиал мен өкілдіктің бірінші басшылары өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде сенімхат негізінде әрекет етеді және Қоғамның жоғарғы органдарына есеп береді.

3.10. Өз қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерді қорғау және таныту, жалпы жобаларды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді шешу мақсатында Қоғам басқа ұйымдармен бірлесіп ассоциациялар (одақтар) және консорциумдар түрінде бірлестіктер құруға (жасауға, қатысуға) құқылы.

3.11. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

3.12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен, осы Жарғыда белгіленген қызмет нысанымен және түрлерімен айналыса алады.

4-БАП. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

4.1. Қоғам қызметінің нысаны – ғылыми зерттеулер, білім беру технологиялары мен қосымша білім беру әзірлемелері саласындағы қызметті жүзеге асыру.

4.2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын және Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;

2) тиісті сертификаттар бере отырып, мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту және онлайн режимде оқыту курстарын, мемлекеттік, қоғамдық және жекеменшік ұйымдардың оқытушылары мен аудармашыларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру семинарларын ұйымдастыру және өткізу;

3) мемлекеттік тілді қолдау және енгізу үшін ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды сүйемелдей отырып, әдіснамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік тілді үйрету мәселелері және қазақ жазуын жетілдіру бойынша республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер мен әдістемелік семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

5) мемлекеттік тілді латын графикасы негізінде үйрету әдістемесі бойынша оқу-әдістемелік құралдарды, сөздіктерді, журналдарды, сондай-ақ мемлекеттік және ана тілдеріндегі оқыту бағдарламаларын әзірлеу және шығару;

6) өңірлік тіл үйрету орталықтарына үйлестірушілік-әдістемелік көмек көрсету;

7) оқу орталықтары мен ересектерге сабақ беретін оқытушыларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ұлттық комиссияның орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық жұмыс топтарының, сондай-ақ техникалық және ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс тобының жұмыстарын үйлестіру, аталған топтардан атқарылған жұмыстар бойынша есеп қабылдау;

9) ұйымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен әліпбиді және орфографиялық ережелерді, ғылыми-әдістемелік міндеттер мен ұйымдастыру жұмыстарын әзірлеуге қатысты байланыс орнату;

10) меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару.

4.3. Қоғам осы Жарғыда көрсетілген мақсаттар мен қызмет түрлеріне сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

5-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ

5.1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшы) акцияларды олардың атаулы құны бойынша және инвесторлардың «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.

Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5.2. Қоғамның міндеттемелерін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның қызметін дамыту мақсатында салықтар мен бюджетке міндетті өзге төлемдер төленгеннен кейін қалған кіріс есебінен Қоғамда Жалғыз акционердің шешімі бойынша мақсатты активтер, қорлар (резервтік капитал), оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қоғам үшін қажетті немесе міндетті активтер (қорлар) құрылуы мүмкін.

5.3. Резервтік капитал мен өзге де активтерді (қорларды) қалыптастыру тәртібі, мөлшері, мақсаттары, принциптері, көздері және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және Қоғам орган(дар)ының шешім(дер)іне сәйкес айқындалады.

5.4. Қоғамның мүлкі мына көздер есебінен қалыптастырылады:

1) Қоғамның акцияларын төлеуге сәйкесінше Жалғыз акционер тарапынан берілген және төленген мүлік пен ақшалай қаражаттар;

2) қызметінің нәтижесінде түскен кірістер;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған басқа мүлік.

5.5. Қоғамның таза кірісі (салықтар мен бюджетке міндетті өзге төлемдер төленгеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Қоғамды дамытуға бағытталады.

6-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ

6.1. Қоғам тек қарапайым акцияларды шығаруға құқылы. Қарапайым акцияларды шығару, орналастыру, айналымға енгізу және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.

6.2. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз түрде жүзеге асырылады. Акция бөлінбейді.

6.3. Қоғамның жарияланған акцияларының шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

6.4. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша қаражаттары, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және басқа да мүлік қабылдануы мүмкін.

Ақшадан бөлек өзге мүлікпен төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушының анықтаған бағасы бойынша жүзеге асырылады.

6.5. Қоғам акциялары иелерінің тізілімдері жүйесін жүргізуді Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады.

6.6. Қоғам акциялары иелерінің тізілімдері жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

6.7. Акцияларды шығару, олардың айналымы мен есебіне қатысты өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

7-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

7.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) Қоғам қызметінің түрлі бағыттарын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құрылатын Қоғамның өзге де тұрақты әрекет ететін алқалы органдары.

7.2. Қоғамды басқару процесінде туындайтын қатынастар, оның ішінде Жалғыз акционер мен Қоғамның органдары арасындағы, Қоғам органдарының өзара, Қоғам мен мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастар Қоғамның корпоративтік басқару кодексімен реттеледі.

8-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Қоғамның Жалғыз акционері мыналарға құқылы:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және/немесе Қоғамның осы Жарғысымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционерімен немесе осы Жарғымен айқындалған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға, мына ақпараттарды қоспағанда:

- талап қойылған күні депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілік туралы ақпарат;

- соңғы үш жыл ішінде қайта сұралған ақпарат (егер бұған дейін Қоғамның Жалғыз акционері сұраған ақпарат толық көлемде берілген болса);

- Қоғамның өткен кезеңдегі қызметіне қатысты ақпарат (Жалғыз акционердің жүгінген күніне дейін үш жылдан асқан), Қоғамның Жалғыз акционері жүгінген күні орындалуы жүзеге асырылып жатқан мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда.

Осы тармақшада көзделген барлық ерекшеліктер Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген

құқықтарын жүзеге асыруы мен міндеттемелерді орындауы үшін қажетті ақпаратты алу құқығын шектемейді;

3) орталық депозитарийден немесе номиналды иесінен құнды қағаздарға иелік ету құқығын растайтын анықтамалар алуға;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

5) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен жүгінуге және сауалда көрсетілген мерзімде, бірақ сауалдың Қоғамға түскен күнінен бастап отыз күннен кешіктірмей негізделген жауап алуға;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

7) Қоғамда аудиттік ұйым жүргізетін аудитті өз есебінен жүзеге асыруды талап етуге;

8) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкіне құқық талап етуге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына енгізілетін мәселелер тізбесіне қосымша мәселелерді енгізуді Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға;

10) егер аталған шешім Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешімін сот тәртібімен даулауға құқығы бар;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның осы Жарғысында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8.2. Осы Жарғының 8.1-тармағында көзделген Жалғыз акционердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

8.3. Қоғамның Жалғыз акционері мыналарға міндетті:

1) акцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Қоғам Жарғысында көзделген тәртіппен, мөлшерде және тәсілдермен төлеуге;

2) Қоғам акциялары иелерінің тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті деректердің өзгерісі туралы он күн ішінде орталық депозитарийді хабардар етуге;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы мемлекеттік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

8.4. Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналды иесі осы Жарғының 8.3-бабының 2) тармақшасында белгіленген талапты Жалғыз акционер орындамаған жағдайда туындайтын салдарға жауапты емес.

9-БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

9.1. Қоғамның жоғарғы органы Жалғыз акционер болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Қоғамның осы Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер дербес немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісімді талап ететін мәселелерді қоспағанда, осындай шешімдерді қабылдау құқығына ие Жалғыз акционердің лауазымды тұлғасы қабылдайды және жазбаша түрде рәсімделуге жатады.

9.2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның Директорлар кеңесі санының құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

7) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

8) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

9) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесін немесе әдістемеге енгізілген өзгерістерді бекіту;

12) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау;

13) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

14) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

15) Қоғамда тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешімдер қабылдау;

16) нәтижесінде активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күні құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алатын немесе иеліктен

шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау не Қоғамның жасауға мүдделілігі бар ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның Жалғыз акционері айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның қызметін реттейтін құжаттарды, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

18) Қоғамның қызметіне қатысты мәселелер бойынша тікелей (оперативтік) тапсырмалар беру;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

Қоғам Жарғысының осы бабының 9.2-тармағының 1), 3), 7), 8), 10), 16) тармақшаларында көзделген мәселелер «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу арқылы қабылданады.

9.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау өкілеттігі басқа органдарға – Директорлар кеңесіне, Басқармаға, лауазымды тұлғаларға және Қоғам жұмыскерлеріне берілмейді.

9.4. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.5. Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару үшін материалдар дайындауды мыналар жүзеге асырады:

- 1) Басқарма;
- 2) Қоғамның тіркеушісі онымен жасалған шартқа сәйкес;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның ликвидациялық комиссиясы.

Жалғыз акционердің отырысын шақыру, дайындау және өткізуге байланысты шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам өз мойнына алады.

9.6. Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

Қоғам органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылған кандидаттар туралы келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тегі, есімі, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер;
- 4) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігі мен еңбек тәжірибесін растайтын басқа да ақпарат.

Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидаттың Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілі болып

табылатындығы және (немесе) ол қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болып табылатындығы көрсетіледі.

Жылдық қаржылық есептілікті бекіту мәселелері бойынша материалдар мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) Жылдық қаржылық есептілікке аудиттік есеп;
- 3) Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына ұсынылатын мәселе бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.

9.7. Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына ұсынылатын мәселелер бойынша материалдар Жалғыз акционердің танысуы үшін Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына ұсынылатын күнге дейін он күннен кешікпей дайын болуы тиіс және Қоғам Басқармасының орналасқан жерінде қолжетімді болуы, егер Жалғыз акционер сұратса – тиісті сұратуды алған күннен бастап үш күн ішінде оған жіберілуі тиіс.

9.8. Басқарма Жалғыз акционердің шешімдерінің көшірмелерін сақтауға қойылатын талаптарды орындай отырып, сақтауды қамтамасыз етеді.

9.9. Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің тікелей шешімімен анықталады.

10-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Қоғамның Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда Жалғыз акционердің құзыретіне жататын мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесі негізінде әрекет ететін басқару органы.

10.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын, даму стратегиясын анықтау, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның іске асырылуын мониторингілеу;
- 2) Қоғамның даму жоспарын, оның орындалуы туралы есептерді, сондай-ақ өзгерістер, толықтыруларды бекіту және олардың жүзеге асырылуын мониторингілеу;
- 3) Қоғам орналастырған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды қайта сатып алу және олардың қайта сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғам жариялаған акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, орналастыру (сату) әдісі мен бағасын анықтау туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерін құру және олардың санын анықтау, комитеттердің өкілеттілік мерзімін белгілеу, комитет мүшелерін сайлау, олардың ережелерін бекіту;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, комплаенс офицерінің жұмысы туралы есептерді бекіту;

8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін, жұмыс тәртібін анықтау, Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) лауазымдық айлықтар мөлшерін, еңбек ақы төлеу және сыйлықақы (сыйақы) төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне сыйлықақы (сыйақы) беру туралы шешім қабылдау;

10) Қоғам Басқармасының қызметін мониторингілеу, бақылау және бағалау;

11) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, лауазымдық айлықтар мөлшері мен еңбек ақы төлеу, сыйлықақы (сыйақы) төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын анықтау;

12) Қоғамның комплаенс офицерін тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін, жұмыс тәртібін анықтау, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық айлық мөлшері, сыйақы төлеу, әлеуметтік қолдау шарттары және сыйлықақы (сыйақы) төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін, жұмыс тәртібін анықтау, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық айлық мөлшері, сыйақы төлеу, әлеуметтік қолдау шарттары және сыйлықақы (сыйақы) төлеу туралы шешім қабылдау;

14) Корпоративтік басқару кодексінің принциптері мен талаптарының сақталуы/сақталмауы туралы есепті бекіту;

15) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелерін, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін, комплаенс офицерін, корпоративтік хатшысын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, қызметтен шеттету, сондай-ақ тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын жою;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олардың ережелерін бекіту;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыздық акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамға тиесілі он және одан да көп пайыздық акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) бар заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның міндеттемелерін өз капиталының он және одан да көп пайыздық мөлшеріне арттыру;

20) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия ақпаратты анықтау;

21) осы Жарғыға сәйкес жасасу туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның Жалғыз акционері мен Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарының жазылымы шарттары мен тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарды және оларға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

23) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекіту;

24) Қоғамның ұйымдық құрылымын, Қоғамның Жалғыз акционерімен келісу арқылы оған өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, сондай-ақ Қоғам жұмыскерлерінің жалпы санын бекіту;

25) қаржылық есептілікті аудиттеу үшін аудиторлық ұйым қызметтерінің төлем мөлшерін, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау үшін бағалаушы қызметтерінің төлем мөлшерін анықтау;

26) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның даму стратегиясының, даму жоспарының орындалуы, Қоғам қызметінің көрсеткіштерінің жетістігі туралы басқарушылық есепті ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту және оларды қарау;

27) өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі, қарапайым акцияларға дивиденд төлеу және бір қарапайым акцияға есептелген дивиденд мөлшері жөнінде Қоғамның Жалғыз акционері үшін ұсыныстар дайындау;

28) Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

29) Қоғамның әкімшілік шығындары бойынша жекелеген нормативтер мен басқа да лимиттерді бекіту;

30) Қоғамның Басқарма мүшесінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

31) Қоғамның қызметі мәселелері бойынша Қоғамға тікелей оперативтік тапсырмалар беру;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған, Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелер Қоғамның Басқармасына шешім қабылдауға тапсырылмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы емес және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдай алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) Қоғам органдарын құру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмау үшін шаралар қабылдауға;

2) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен Жалғыз акционері деңгейіндегі ықтимал мүдделер қақтығыстарын бақылау және мүмкіндігінше жою, соның ішінде Қоғамның мүлкін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде құқық бұзушылықтарды болдырмауға;

3) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауға;

4) Қоғамның саясаттары мен басқа ішкі құжаттарының даму стратегиясына, ағымдағы экономикалық жағдайға, тәуекел профиліне және Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге;

5) Реттеуші есептіліктің толықтығын, дұрыстығын және уақтылы дайындалуы мен ұсынылуын мониторингілеуге және бақылауға;

6) Қоғам Жарғысының Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету және Қоғам Жарғысын өзекті күйде ұстауға тиіс.

10.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Қоғамның Жалғыз акционері тағайындайды және бұрын тағайындалған Директорлар кеңесін мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамның Жалғыз акционері қайта тағайындайды.

10.4. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағадан және Жалғыз акционер тағайындайтын мүшелерден тұрады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасы мен (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшелері келесі тұлғалар арасынан сайланады:

1) Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (ұсынылған) тұлғалар;

2) Қоғамның акционері емес және Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалар.

10.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген талаптар қойылады.

10.6. Қоғам Басқармасының төрағасын қоспағанда, Қоғамның Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

10.7. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

10.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі мынадай жағдайларда тәуелсіз деп танылады:

1) Қоғамның лауазымды тұлғаларына бағынысты емес және Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі соңғы үш жыл ішінде оларға бағынысты болмаған болса;

2) Қоғамның аудиторы болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі соңғы үш жыл ішінде Қоғамның аудиторы болмаған болса;

3) аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспайтын және соңғы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған болса;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын болса.

10.9. Директорлар кеңесіне үміткерлер мен Директорлар кеңесінің қазіргі мүшелері Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның өз мүддесі үшін міндеттерін

орындауға және бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімге, біліктілікке, оң нәтижелерге және іскерлік және салалық ортадағы мінсіз беделге ие болуы тиіс.

10.10. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционерімен белгіленеді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау мәселесін қарау сәтіне дейін жалғасады, бұл ретте тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады және олардың қызметі қанағаттанарлық деп танылған жағдайда үш жылға дейінгі жаңа мерзімге қайта сайлана алады. Тәуелсіз директорларды қатарынан алты жылдан артық мерзімге (мысалы, екі үшжылдық мерзім) сайлау – олардың жұмыс нәтижелерін, қызмет тиімділігінің бағасын және Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше тәртіппен қаралады, бұл тәртіп Қоғамның ішкі құжаттарымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Мұндай Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері Қоғамның Жалғыз акционері оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өз бастамасымен өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы Қоғамның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі бұл хабарламаны алған сәттен бастап, егер онда өкілеттіктердің мерзімінен бұрын тоқтатылатын нақты күні көрсетілмесе, мұндай мүшенің өкілеттіктері тоқтатылады.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жаңа мүше Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі негізінде сайланады және оның өкілеттігі бүкіл директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталған сәтте тоқтатылады.

10.11. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің жалпы мүшелер санының көпшілік дауысымен сайланады.

Қоғамның Директорлар кеңесі кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның ішінде:

- 1) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және өткізеді;
- 2) өткізілетін отырыстың күн тәртібін бекітеді;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің отырысында хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі орындайды.

10.12. Қоғамның Директорлар кеңесіне ең маңызды мәселелерді қарау және ұсынымдар дайындау мақсатында Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, саны, өкілеттіктері мен сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттармен айқындалады.

Егер Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған мәселе Директорлар кеңесінің қандай да бір комитетінің құзыретіне кіретін болса, онда бұл мәселе алдын ала тиісті комитетпен қаралуы тиіс.

10.13. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, хабардарлық, ашықтық қағидаттарына сүйене отырып, Қоғам мен оның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етуі тиіс;

2) Жалғыз акционерге әділ қарауы, корпоративтік мәселелер бойынша объективті әрі тәуелсіз пікір білдіруі тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің өздеріне жүктелген міндеттерді бұзған мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Лауазымнан босатылған жағдайда да мұндай бұзушылықтар нәтижесінде келтірілген залалды өтеу міндетінен босатылмайды.

10.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасымен, сондай-ақ келесі тұлғалардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;

2) Қоғамның ішкі аудит қызметі;

3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;

4) Қоғамның Жалғыз акционері.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының ұсынылған күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы беріледі.

Егер Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартса, бастамашы Қоғам Басқармасына осы талаппен жүгінуге құқылы, ал Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысы бұл талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей оның төрағасы немесе Қоғам Басқармасы тарапынан шақырылуы тиіс.

Директорлар кеңесі отырысының өткізілуі туралы жазбаша хабарлама, күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен бірге, отырыс өткізілетін күннен кемінде он күнтізбелік күн бұрын Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

Отырысты өткізу туралы хабарламада отырыстың күні, уақыты мен орны, сондай-ақ күн тәртібі және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де материалдар көрсетілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Басқармасына өз қатысуының мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысы бұл талапты білдірген тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

10.15. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда құзыретті болып табылады. Бұл ретте қатысу бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференцбайланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон арқылы кеңесу» режиміндегі бір мезгілде сөйлесуі) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционеріне жаңа Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау мәселесін қарауға шығаруға міндетті. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек осы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға шешім қабылдауға құқылы.

10.16. Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің өз дауысын басқа мүшеге беруіне тыйым салынады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыс тең болған жағдайда Қоғамның мүдделі мәміле жасасуына қатысты мәселелер бойынша дауысты қоспағанда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе отырысқа төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Егер мүдделі мәміле жасасу мәселесі бойынша дауыстар тең болып қалса, онда шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.17. Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешім сырттай дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім, белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп есептеледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуы тиіс:

- 1) Қоғамның (оның атқарушы органының) толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізуге бастамашы тұлға туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беру бюллетенін толтырып, қол қойып тапсырудың соңғы күні;
- 4) дауысқа қойылатын мәселе (мәселелер) нақты және бір мағыналы түрде тұжырымдалуы тиіс;

5) «иә», «жоқ», «қалыс қалды» сөздерімен білдірілген дауыс беру нұсқалары;

6) бюллетенді толтыру тәртібі жөніндегі түсіндірмелер.

Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысы туралы шешім жазбаша түрде ресімделіп, корпоративтік хатшы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс және мыналарды қамтуы қажет:

- 1) қоғамның атауы мен орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімін жазбаша ресімдеу күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақырған тұлғаны (органды) көрсету;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) шешім қабылдау үшін кворумның бар-жоғы туралы жазба;

7) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нәтижелері, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесін көрсету;

8) басқа да мәліметтер.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер мен сырттай дауыс беру нәтижелері корпоративтік хатшы арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бюллетеньдер қосымшасымен бірге жіберілуі тиіс.

10.18. Қоғамның Директорлар кеңесінің ашық отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді. Хаттама отырыс өткен күннен бастап жеті күн ішінде отырысты жүргізген тұлға мен корпоративтік хатшы тарапынан дайындалып, қол қойылуы тиіс және келесі мәліметтерді қамтуы қажет:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;

2) отырыстың күні, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) отырыстың кворумы туралы ақпарат;

6) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нәтижелері, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әр мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесін көрсету;

7) қабылданған шешімдер;

8) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

10.19. Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және оның ішінде сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің сұранысы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және ашық және/немесе сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысуға беруі немесе Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттама мен шешімнің үзінділерін беруге міндетті.

11-БАП. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

11.1. Қоғамның атқарушы органы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам Басқармасы туралы ережесі негізінде әрекет ететін Қоғам Басқармасы болып табылады.

11.2. Қоғам Басқармасы кемінде үш адамнан тұратын мүшелерінен тұрады, оның ішінде: Қоғам Басқармасының төрағасы және басқа мүшелері.

Қоғам Басқармасы Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Қоғам Басқармасы Қоғам атынан әрекет етеді, оның ішінде Қоғамның мүдделерін қорғайды, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес Қоғам атынан мәмілелер жасайды, штаттық кестені бекітеді,

соның ішінде орталық аппаратты, филиалдар мен өкілдіктерді; шешімдер қабылдап, Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін міндетті нұсқаулар береді.

Қоғам Басқармасының шешімдері ашық және сырттай (қашықтан) тәртіпте қабылдануы мүмкін.

Қоғам Басқармасының отырыстарында (ашық тәртіпте) қабылданған шешімдер Қоғам Басқармасы отырысының хаттамасында көрсетіледі. Қоғам Басқармасы отырысының хаттамасына отырыста қатысқан барлық мүшелер қол қояды және ол дауысқа қойылған мәселелерді, сонымен қатар әрбір мәселе бойынша Қоғам Басқармасы мүшелерінің дауыс беру нәтижелерін қамтуы тиіс.

Қоғам Басқармасының сырттай (сауалнама түрінде) қабылданған шешімдері Қоғам Басқармасының хаттамасымен ресімделеді. Сырттай қабылданған және Қоғам Басқармасының хаттамасында көрсетілген мәселелер бойынша Басқарма мүшелерінің ұстанымдары хаттамада көрсетіледі.

Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде басқа Басқарма мүшесіне беруіне жол берілмейді.

Қоғам Басқармасының отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі, бірақ айына кемінде бір рет ұйымдастырылады.

Қоғам Басқармасының төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Қоғам Басқармасы төрағасының міндетін атқарушы тұлға орындайды.

Қоғам Басқармасының отырысын Қоғам Басқармасының Төрағасы жүргізеді.

Қоғам Басқармасының отырыстары кез келген күндері, оның ішінде демалыс және мерекелік күндерде де өткізілуі мүмкін. Отырыс орны мен уақытын Қоғам Басқармасының төрағасы анықтайды. Қажет болған жағдайда Қоғам Басқармасының отырысы бірнеше күн бойы (жалғасып) өткізілуі мүмкін. Бұл жағдайда шешім қабылдау күні – отырыстың соңғы күні болып саналады.

Қоғам Басқармасының төрағасы немесе Басқарманың жалпы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірі шұғыл және маңызды мәселелерді талқылау үшін кезектен тыс отырыс шақыруды талап етуге құқылы.

Белгілі бір мәселе бойынша Қоғам Басқармасының отырысына қатысатын (Қоғам Басқармасының мүшелерінен басқа) тұлғалар тізбесін, сондай-ақ міндетті қатысатын тұлғаларды Қоғам Басқармасының төрағасы анықтайды.

Шешімдер Қоғам Басқармасы мүшелерінің қарапайым көпшілігінің дауысымен қабылданады, егер дауыс беру кезінде Басқарма мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, оның ішінде Қоғам Басқармасының төрағасы болуы тиіс. Дауыс саны тең болған жағдайда Қоғам Басқармасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

11.3. Қоғам Басқармасын құру, оның өкілеттіктерін анықтау, Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

Қоғам Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары және міндеттері Қазақстан Республикасы заңнамасы, осы Жарғы және аталған тұлға Қоғаммен жасасатын еңбек шарты арқылы анықталады. Қоғам атынан Басқарма төрағасымен жасалатын еңбек шарты Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оны Қоғамның Жалғыз акционері немесе Директорлар кеңесі сенімхатпен ұсынған

тұлға қол қояды. Қалған Басқарма мүшелерімен жасалатын еңбек шарттарына Қоғам Басқармасының төрағасы қол қояды.

Қоғам Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында қызмет атқаруы тек Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана мүмкін болады.

Қоғам Басқармасының төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы немесе атқарушы орган функцияларын жеке атқаратын тұлға қызметін атқара алмайды, сондай-ақ Қоғам қызметіне ұқсас қызмет түрімен айналысатын шетелдік заңды тұлға филиалының басшысы лауазымын да иелене алмайды.

11.4. Қоғам Басқармасының құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда Қоғамның Жалғыз акционері, Директорлар кеңесі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдау жатады, соның ішінде:

1) Қоғамның ағымдағы қызметін басқару, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды қамтамасыз ету;

2) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда Жалғыз акционер мен (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда;

3) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

4) Қоғамдағы жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжатты бекіту;

5) Қоғамның штат кестесін, оның Директорлар кеңесі бекіткен ұйымдық құрылым шегінде өзгерістерін және (немесе) толықтыруларын, жалпы қызметкерлер санын бекіту;

6) еңбек ақы төлеу, сыйақы, әлеуметтік қолдау көрсету ережелерін, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің (Қоғам Басқармасының төрағасы мен мүшелерін, Ішкі аудит қызметін, комплаенс офицерін, корпоративтік хатшыны қоспағанда) қызметтік жалақыларының схемасын бекіту;

7) Қоғамның тиісті жылға арналған бюджетін бекіту;

8) демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне қойылатын біліктілік талаптары мен ережелерін бекіту;

10) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттерді (комиссияларды) құру, олардың құрамын анықтау және ережелерін бекіту туралы шешім қабылдау;

11) Қоғам басқармасының Қоғамның Директорлар кеңесіне, ал Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге қарастыруға шығаратын мәселелерін алдын ала мақұлдау, осы Жарғының 9.2-тармағының 5), 15) тармақшалары және 10.2-тармағының 6), 7), 8), 9), 11), 12), 13) 30) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда;

12) басқа органдар мен Қоғамның лауазымды тұлғаларының ерекше құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз етуге байланысты басқа мәселелер бойынша шешім қабылдау.

11.5. Қоғам Басқармасының төрағасы:

1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) Қоғам атынан үшінші тұлғалармен қатынастарда сенімхатсыз әрекет етеді;
3) Қоғамды үшінші тұлғалар алдында өкілдік ету құқығын беретін сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату жұмыстарын жүзеге асырады (Қоғам басқармасы мүшелері, ішкі аудит қызметкерлері, комплаенс офицері және корпоративтік хатшыны қоспағанда), оларды ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жауапкершілікке тартады, Қоғам штаттық кестесіне сәйкес қызметкерлердің лауазымдық жалақысын белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің (басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметкерлерін, комплаенс офицерін және корпоративтік хатшысын қоспағанда) сыйақы мөлшерін анықтайды;

5) өзінің жоқтығы кезінде міндеттерін Қоғам Басқармасының бір мүшесіне жүктейді;

6) өзінің шетелдік іссапарларын Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасымен келіседі;

7) Қоғам Басқармасы мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ құзыреттер мен жауапкершілік салаларын бөледі;

8) жемқорлыққа қарсы жұмыс ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін жеке жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген басқа да функцияларды орындайды.

11.6. Қоғам Басқармасы мүшелерінің міндеттері:

1) Қоғам Басқармасының отырыстарына қатысу;

2) Қоғамның Жалғыз акционері, Директорлар кеңесі және Басқармасының шешімдері мен тапсырмаларын орындау, осы Жарғының, корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

3) өз құқықтары мен міндеттерін орындағанда адал әрекет ету және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсету әдістерін қолдану;

4) Қоғамға қатысты коммерциялық және басқа да құпия ақпаратты жарияламау;

5) өз лауазымын және Қоғам қызметі туралы алынған ақпаратты жеке мүдделер үшін пайдаланбау, сондай-ақ өз лауазымын және қолында бар ақпаратты Қоғам мүдделеріне зиян келтіретін басқа тұлғаларға пайдалануға жол бермеу.

11.7. Қоғам басқармасы мен Қоғам Басқармасы төрағасының шешімдері және (немесе) тапсырмалары Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

11.8. Қоғам Басқармасы төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған жағдайда, Директорлар кеңесінде атқарған қызметі үшін сыйақы алмайды.

12-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

12.1. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен кемінде бір қызметкерден құрылады.

12.2. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

- 1) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 2) Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында бағалау жүргізеді, кеңес береді, жүйелі және бірізді тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге ықпал етеді;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметі туралы тәуелсіз, объективті ақпарат ұсынады;
- 4) корпоративтік құжаттардың орындалуын бақылайды;
- 5) Қоғамның ішкі аудит қызметінің ережесіне сәйкес өз құзыретіне кіретін басқа да функцияларды орындайды.

12.3. Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрамына сайлана алмайды.

12.4. Қоғамның ішкі аудит қызметі Қоғамның лауазымды тұлғаларынан тәуелсіз қызмет атқарады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуде тәуелсіз болып табылады.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді. Ішкі аудит қызметінің жұмысына жетекшілікті Қоғамның Директорлар кеңесінің ішкі аудит комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережесімен анықталады.

12.5. Қоғам мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғам Басқармасы төрағасы немесе оны алмастыратын тұлға мен ішкі аудит қызметі жұмыскерлері арасында Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті шешіміне сәйкес жасалған еңбек шарттарымен реттеледі.

12.6. Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмыскерлерінің басқа ұйымдарда немесе ұйымдардың органдарында жұмыс атқаруына және лауазым иеленуіне Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

13-БАП. ҚОҒАМНЫҢ КОМПЛАЕНС ОФИЦЕРІ

13.1. Комплаенс офицердің негізгі міндеті Қоғамның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

13.2. Қоғамның комплаенс офицері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына сайлана алмайды.

13.3. Комплаенс офицер Қоғамның лауазымды тұлғаларынан тәуелсіз өз өкілеттігін орындайды және Қазақстан Республикасының, соның ішінде жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтауды қамтамасыз етуде тәуелсіз болып табылады.

13.4. Комплаенс офицер Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді. Комплаенс офицердің міндеттері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен комплаенс офицер туралы ережеде анықталады.

13.5. Қоғам мен комплаенс офицер арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы және Қоғам Басқармасы төрағасы немесе

оның орынбасары мен комплаенс офицер арасында Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті шешіміне сәйкес жасалған еңбек шарттарымен реттеледі.

13.6. Қоғамның комплаенс офицері мен оның басшысының басқа ұйымдарда немесе ұйымдардың органдарында жұмыс атқаруына және лауазым иеленуіне Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

14-БАП. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

14.1. Корпоративтік хатшы – Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғам жұмыскері, Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайды және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

14.2. Корпоративтік хатшы Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғалары тарапынан Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің сақталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамаларының, осы Жарғының және Қоғамның басқа да ішкі құжаттары талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

14.3. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Қоғам органдары арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді. Ол Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының дайындалуы мен өткізілуін, материалдардың қалыптастырылуын және оларға қолжетімділіктің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады.

14.4. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелеріне нақты және дұрыс ақпараттың уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

14.5. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттелетін Корпоративтік хатшы туралы ережеде айқындалады.

14.6. Қоғам мен корпоративтік хатшы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғам басқармасы төрағасы мен корпоративтік хатшы арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

15-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

15.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары мыналарға міндетті:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауға, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесінде әрекет етуге, Қоғамның мақсаттарына барынша сай келетін әдістер мен тәсілдерді қолдануға;

2) Қоғамның мүлкін Қоғам Жарғысына, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсатта немесе аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер жасау кезінде пайдаланбауға және пайдалануға жол бермеуге;

3) бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін және сенімді қаржылық есептілікті, соның ішінде тәуелсіз аудит жүргізу арқылы қамтамасыз етуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты толық, уақтылы және шынайы ашуды бақылауға;

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялығын, соның ішінде міндеттерін орындауды тоқтатқаннан кейін кемінде үш жыл бойы сақтауға (егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе).

15.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге, адалдық, ашықтық және хабардарлық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін қорғауға;

2) корпоративтік басқару мәселелері бойынша тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдауға.

15.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам мен Жалғыз акционер алдында өз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі салдарынан келтірілген залал мен шығын үшін жауапты болады. Бұл жауапкершілік мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) көрінеу жалған немесе адастыратын ақпарат ұсыну;

2) қолданыстағы заңнамада белгіленген ақпаратты ашу тәртібін бұзу;

3) ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік бар мәмілелер бойынша бастамашылық жасау және (немесе) оларды жасау туралы шешім қабылдау салдарынан Қоғамның залал шегуі, егер бұл әрекеттер адал емес болып табылса және (немесе) олар арқылы Қоғаммен мәмілелер жасау нәтижесінде лауазымды тұлғалар немесе олардың аффилиирленген тұлғалары пайда көрген болса.

15.4. Қоғамның лауазымды тұлғалары, мәмілені жасауда мүдделі болған және мәміле жасауды ұсынған тұлғаны қоспағанда, егер:

1) Қоғамның органы қабылдап, Қоғамның немесе Жалғыз акционердің залал шегуіне әкелген шешімге қарсы дауыс берсе;

2) дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, онда мұндай шешім нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершіліктен босатылады.

16-БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕБІ, ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТІ

16.1. Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

16.2. Жылдық қаржылық есептілікке мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат жылдық қаржылық есептілікке қоса берілетін түсіндірме жазбада халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ашылады. Қоғам активтері мөлшерінің он пайызы немесе одан да көп сомаға мүлік сатып алу немесе иеліктен шығару нәтижесінде жасалған мәміле туралы ақпаратта мәміле тараптары, мерзімі мен шарттары, қатысушы тұлғалардың үлестік қатысу сипаты мен көлемі, сондай-ақ мәміле туралы басқа да мәліметтер көрсетілуі тиіс.

16.3. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті және Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен аудиторлық есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Директорлар кеңесі оны Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарған күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Қоғамның Жалғыз акционері қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде жүргізеді. Есепті кезеңде Қоғамның аудитін жүргізу және (немесе) аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

16.4. Қоғамның жыл сайынғы аудиті қаржы жылы аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жалғыз акционері қабылдаған шешімдерде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

16.5. Қоғамның аудиті Қоғам қаражаты есебінен Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не Жалғыз акционердің талабы бойынша оның қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте Қоғамның Жалғыз акционері аудиторлық ұйымды өз бетінше айқындауға құқылы.

16.6. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы үшін Қоғамның Басқармасы жауапты болады.

16.7. Егер Қоғамның Басқармасы аудит жүргізуден жалтарса, аудитті кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша сот шешімімен тағайындауға болады.

17-БАП. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ

17.1. Қоғам Жалғыз акционердің жазбаша сұранысы бойынша, оның мүдделеріне қатысты ақпаратты қоса алғанда, Қоғамның қызметі туралы кез келген ақпаратты Жалғыз акционерге жеткізеді. Жалғыз акционердің өтініші Қоғамның кіріс/шығыс құжаттарын тіркеу журналына немесе тиісті тіркеу жүйесіне енгізілуі тиіс.

17.2. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын Қоғам қызметі туралы ақпаратты және оның тізбесін ұсыну «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы ақпарат, Қоғамға азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасы (шақыру қағазы) келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге ұсынылуы тиіс.

17.3. Қоғам ақпаратты ашуды Қоғамның корпоративтік веб-сайтында (сондай-ақ республикалық баспа басылымдарын пайдалана отырып) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы жүзеге асырады.

17.4. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратқа ие жұмыскерлердің тізімін жүргізуді міндетті түрде қамтамасыз етеді.

Қоғам Жарғысының осы бабында көрсетілген ақпаратты немесе құжаттардың көшірмелерін ұсыну туралы Жалғыз акционердің сұранысы бойынша, сұранысты алған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей сұратылған ақпаратты белгіленген тәртіппен жібереді.

17.5. Қоғам қызметіне қатысты құжаттар Қоғамның қызмет ету мерзімі ішінде Қоғам Басқармасының орналасқан жерінде сақтауға жатады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабы 1-тармағында көзделген құжаттар сақтауға жатады.

Басқа құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзімде ішінде сақталады.

18-БАП. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

18.1. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.

18.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

18.3. Таратылған Қоғамның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық меншікке беріледі.

18.4. Таратылған Қоғамның мүлкін сатудан түскен сомаларды қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшалай қаражат республикалық бюджет кірісіне аударылады.

19-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19.1. Осы Жарғыда реттелмеген барлық мәселелерде Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

19.2. Осы Жарғыға енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде рәсімделеді, Қоғамның уәкілетті органдары қол қояды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті мемлекеттік органдарға ұсынылады.

19.3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы



Е. Тлешов